# «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам).
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 29 қаңтардан бастап 16 ақпанға дейін.
Талдамалық анықтамаға қол қойылған күні: 2024 жылғы 16 ақпан.

| р/с № | Ұсыным | Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны | Ұсынымның орындалуы туралы ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1. | Қоғамның әрбір лауазымы үшін құзыреттерді, олар бойынша білімнің немесе дағдылардың рұқсат етілген деңгейін айқындау және жұмысқа қабылдау немесе басқа лауазымға ауыстыру кезінде осындай тәсілді пайдалана отырып, түсу тесттерін әзірлеу. | Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітілген қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер. | Орындалды.<br>Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 189 «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің ережесі мен лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы" бұйрығы. |
| 2 | Қоғамның ақпараттық, меншікті қауіпсіздік және тестілеу департаменті қызметкерін негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді қабылдау, шығару, қорларды есептен шығару және материалдық емес активтерінің пайдалы қолдану мерзімін айқындау жөніндегі комиссияның құрамына енгізу. | «Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді қабылдау, шығару, қорларды есептен шығару және материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімін айқындау жөніндегі комиссия құру туралы» бұйрыққа Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітілген өзгеріс. | Орындалды.<br>Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 27 ақпандағы № 45 «Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді қабылдау, шығару, қорларды есептен шығару және материалдық емес активтерді пайдалану мерзімін анықтау бойынша комиссия құру туралы» «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 7 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы. |
| 3 | ҚР ҚМ және мердігерлермен өзара іс-қимыл регламентін әзірлеу. | ҚР ҚМ және Қоғам бекіткен Қоғамның ҚР ҚМ-мен және мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл регламенті. | Орындалды.<br>Қоғам Ақпараттық жүйелердің жобалық құжаттамасын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу бойынша «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен өзара іс-қимыл жасау регламентін әзірлеп, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 2024 жылғы 22 қарашадағы № 03-1/8319 шығыс хатпен ҚР ҚМ жіберді (Қоғам құзыреті шеңберінде орындалды, сыртқы фактор). |
| 4 | Кодты/жұмыстарды қабылдау-тапсырудың ішкі тетігін әзірлеу. | Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген тиісті регламент және/немесе Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген үлгілік шарттың пысықталған нысаны. | Орындалды.<br>Қоғам Басқармасының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№ 49 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жобаларындағы өзгерістерді басқару регламенті бекітілді. |
| 5 | Тұрақты түрде ақпараттық жүйелердің декларацияланбаған мүмкіндіктерін анықтау бойынша іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді әзірлеуге, сүйемелдеуге және әкімшілендіруге жауапты қызметкерлердің есептік жазбалары мен рөлдеріне түгендеу жүргізу. | Қоғамның Басқарма төрағасының атына қызметтік жазба. | Орындалды.<br>2024 жылғы 28 маусымдағы № 723-СЗ, 2024 жылғы 31 шілдедегі № 898-СЗ, 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1105-СЗ, 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 1313-СЗ, 2024 жылғы 31 қазандағы № 1466-СЗ, 2024 жылғы 29 қарашадағы № 1611-СЗ, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 1785-СЗ қызметтік жазбалары. |
| 6 | Кедергі келтіру ақпараттық жүйелердің жұмысына әсер етуі мүмкін маңызды бизнес-процестерін анықтау. | Есеп | Орындалды.<br>2024 жылғы 14 қарашадағы № 1531-СЗ қызметтік жазба. |

* «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы – Қоғам;
* Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – ҚР ҚМ.